

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қарашадағы № 231 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 қарашада № 6039 болып тіркелді

“Мемлекеттік мұлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

К. Сәрсенбаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қарашадағы № 231 қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, “Мемлекеттік мұлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлар осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылады.

2. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

3. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды аудандық коммуналдық мұліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды

Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен “Жалағаш аудандық қаржы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-қаржы бөлімі) жүзеге асырады.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, жануарларды қаржы бөлімінің бүйрығы негізінде тиісті әкімдер аппараттарының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен тізімдеу актісі негізінде жүзеге асырылады.

3. Жануарларды одан әрі пайдалану

5. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

- 1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік занды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру;
- 2) аукцион арқылы сату;
- 3) сауда ұйымдары арқылы сату;
- 4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

6. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудандық әкімдіктің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия шешеді.

4. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару

7. Жануарлар аудандық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде - ол тиісті жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

8. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды күтімге алуға байланысты шығыстарды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

9. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен бұрынғы меншік иесіне өтеледі. Бұл ретте жануарларды бағуға байланысты қаржының көлемі шегеріледі.

10. Жануарларды қайтару немесе құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын шартпен ресімделеді.

5. Қорытынды ережелер

11. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК